

Сағадат Сәлімбаев

*Кайдаң келіп,  
Кайда барадыз?*



САФАДАТ СӘЛІМБАЕВ

# ҚАЙДАН КЕЛП, ҚАЙДА БАРАМЫЗ?

Алматы - 2004

ББК 84 Қаз 7-4  
С 28

**САҒАДАТ СӘЛІМБАЕВ**

**С 28 Қайдан келіп, қайда барамыз? Ҳикаят, әңгімелер —  
Алматы, 2004. — 200 бет.**

**ISBN 9965-27-236-0**

«Қайдан келіп, қайда барамыз»— Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі Сағадат Сәлімбаевтың қиялышынан туындаған ҳикаят. Бұл ҳикаятттан оқырман қауым саналы адам баласы мен жорғалаған жан-жануарлар, самғай үшқан құстар мен жайқалған осімдіктердің жер бетіне қайдан, қалай, қашан, немен келіп өсіп-өнгендері жайында қияли мағлұматтар алады. Және «Адамды адам санатына косқан — өнер», «Маймыл адамнан жарапған» деген түпкі ойын да шындыққа жанастыра көлденең тартады. Оған коса бұл кітабында автор ел арасында болған кездеріндегі алған өсерлерінен ой-пікірлер боліседі. Оқысаңыз, автор өзінің ой-өрісіне жіпсіз жетелейді.

**C 4702250100  
00(05)-04**

**ББК 84 Қаз 7-4**

**ISBN 9965-27-236-0**

© Сәлімбаев С. 2004

## КӨРКЕМ СӨЗДІҢ МАЙТАЛМАН ШЕБЕРІ

Жалпы жинақтың көркемдік ережелігін, мән-мағнасын тілге тиек етуден бұрын осы кітаптың авторы туралы айтқанды жөн көріп отырмын. Арғы-бергі әдебиет тарихында қай-қай жанрда болмасын қаламгер өзі туралы жазады, яғни өмірдегі түрлі оқиғаларды көкірек көзінен өткізіп барып қағазға түсіреді деп жатады. Тіпті, Бальзак, Достоевский, Фолкнер секілді классик корифейлеріміз көркем шығармасындағы барша пәлсапаны, негізгі жұлынды ой мен бояулы суретті өз өмірінен таратып жазатынын жасырмай айтып өткен. Бұл тұжырымды екінші сөзбен айтсақ: мына жарық дүниеде кітап авторы қандай болса – оның шығармасы да сондай өреден табылмақшы.

Осымызды бұдан да түсініктілеу етіп айттар болсақ: мына өмірде Сағадат Сәлімбаев қалай тіршілік етіп жүрсе, оның адамгершілік бет-бейнесі, мінезі, дүниеге көзқарасы қандай болса – оның қаламынан туған кейіпкерлер де сол Сағадаттың көшірмесі секілді, айнадан танып біліп аламыз.

Міне, мен Сағадатты білгелі 20 жылдан асты. Сағадат әлі күнге өз ойын, өзінің көрген-білгенін, философиялық талғамдарын, мұнын, жерін ерінбей қағазға түсірумен келеді. Көзін ашқан тума бұлақ секілді сөзі де, оқиғасы да таусылар емес, бұрқылдал қайнап шығып жатыр, шығып жатыр... Адамды хайуаннан ажыратқан сөз дейді інжілде. Баяғыда, екі тау арасына белгілі үлкен қария кісі ауырып жатыр дегенді есітіп, көнілін сұрагалы барғанымда, әлгі шал ақ сұрып төсектің ұстінде аппақ қағаздай болып жатып-жатып... біраздасын барып.

— Сөзім таусылып қалды, — деп еді.

Үлкен кісінің сөзінің таусылғаны — өмірінің таусылғаны екенін іштей сезіп, саудыраған саусағын ұстап, көзінде көзінді қадап отырып:

— Ата, мына біздерге не айтасыз? — деппін. Әлгі кісі өмір дәмін қайта бір тұшынғысы келген адам секілденіп тамсанып-тамсанып жатты да былай деді.

— Есік пен төрдің арасындаған ғана қысқа тіршілікті жүгіріп өте шыққандай болыппын. Көп жерде асығыппын. Асықпандар, балдәр!

Деді де кемсөң қағып іргеге бетін аударып әкетті. Сол қария кешкілік үзілді.

«Асықпандар» деген сөзі ызың-ызың етіп көпке дейін

құлағымда жүрді де қойды. Сонымен асықпай-ақ жайлап басып тіршілік етейікші деп көніл тоғайтып, шүкіршілік қылып жүресің-жүресіндағы... ананы істеймін... мынаны дұрыстаймын... деумен дедек қағып қалай жүгіріп өткенімізді білмей қаламыз-ай. Сөйтіп асығыс жүріп тіршілік белесінде Сағадатты ұшыраттық... білістік... түсіністік... дос, жақын болып кеттік. Сол танысан жылдары Сағадаттың аузынан шыққан бір сөзі есімде қалыпты.

— Жазушы болайын, қалам ұстағандардың қатарын көбейтейін деп жүргенім жоқ. Ішімде, жүрек басында айтылмаған, айтылуға тиіс мол-мол сөздерім бар секілді. Сол сөздерді қағазға түсірсем жетеді.

Енді ойласам, Сағадат Сәлімбаевтің айтатын да, жазатын да сөзі, сөйлемі, ойы, мұны, күлкісі, тебіренісі түпсіз теңіз секілді. Бір кітаптан соң келесі кітапқа жалғасып еш түгесілер емес. Көкірек көмбесі соншалық бай қазналы, өмірді өзінше көре білетін, тексере жүретін кісі дүниеде оншалық көп емес шығар. Сағадат сол сиректің бірі. Сөзі таусылмайтын суреткөр.

Көп нәрсеге салыстыру арқылы көз жеткіземіз.

Жазушылар одағына мүше деген көк билеті бар, қаламақы, мақтау-марапат беретін кешегі кенестік дәуірде мынау деген марқасқа жазушылар болушы еді. Бірі баспаның, бірі газеттің басында отырды. Қалың-қалың кітаптары жылма жыл шығып жатты. «Пәленше деген жазушы көкеміз келе жатыр» деп ел-елде алақанына салып ел-жұрты күтіп алыш жатты. Сол сүмдық қаламгерлер қайда қазір? Бірі табысты қызметтің тұтқасын ұстап, бірі шенеунік шекпенін жамылдып, әр кенседе бұғынып-бұғынып жан бағуға көшті. Жазары таусылған. Қаламақы төленбейтін кітап жазып жан ауыртқысы келмейді-ай. Ал, мына Сағадат бауырымыз ешкімнен мақтау да күтпейді, баспадан қаламакы дәметпейді, көркем сөзді кестелеп өлі күнге шаршамай жазып келеді. Сонда?

Сонда дейміз-ау, шын жазушы кім?

Қызмет күйттеп, шенеунік ұстелін жағалап кеткен, сөзі таусылған өлгі жүрген жері ойылдып түсердей марқасқа кеудем азаматтар ма?.. әлде күніге шам түбінде аш күзенше бүгіліп, үйқы, күлкіден безіп, тірі сөз терген Сағадат па? Қайсысы шын қаламгер? Біздіңше өнерге де өлермен мінез қажет. Өнерге басын тіккен кісілер пайда іздемейді.

Кеудесінде, жүрегінде қордаланған шындықты сыртқа, жарық дүниеге шығаруға асығады. Асығып жүріп баяғы елдегі жүз жасаған қарияға ұқсап сөзі таусылған күні бақи жалғанға аттанып жүре береді.

Сағадат Сәлімбаев айтулы шын суреткөр.

Мына жинаққа енген шығармасы қиялды қозғайтын, ойды кеңітетін фантазиялық дүние: адам ата, хауа ана жаралғалы бергі «өмір» деген кайдан шықты деген сауалға жауап беретін оқылықты шығарма. Әлемдік гармонияның бір түйіршігі болып саналатын жердегі тіршіліктің пайда болуы, өсуі, өрбүі туралы түйінді тұжырым, бағдарлы болжам. Оқырманың терең ойға жетелейтін мазмұнды әңгіме осы болар, сірә.

Жазбай отыра алмайтын, жазғанын ешқашан, ешкімге бұлдамайтын, келешек жақсы заманды елестетіп отырып оқылықты шығарма жазу маңдайыма жазған тағдыр жазуы деп түсінетін, бүгінгі күннің күрескер, биік қаламгері Сағадат Сәлімбаевты оқып отырамын да заманында зар илеп, дұрыс бағасын ала алмай кеткен Булгаковты, Эдгар Поны еске аламын. Олар-дағы іштегі ашу-ызасын, қоғамның бетін қалқып емес, терең түпкі ағыстарын зерттеп, пәлсапасын түйіндең соқталы-соқталы шығармалар жазып кетті. Эдгар Поның «Жер кіндігі» деп аталатын шағын новелласы, Булгаковтың «Шебер мен шепік жандары» мен бір қызығы Сәлімбаевтың «Наныңыз, Нойан еліненбіз», «Қайдан келіп, қайда барамыз» дегендер үндес шығып жатқан секілді. Мәңгілік құндылықтар – ар, адамгершілік өлшемдері мұнда да көп-көрім онды көтерілген, адамның күрескерлігі туралы биік сөз мұнда да тебірене тәптіштелген. Оқып қана тұшына аласыз.

Сағадат Сәлімбаевтың осы күнгі шыққан тауы биік болсын деп тілек тілейік! Тілекші бола жүрейік!

**ДУКЕНБАЙ ДОСЖАН,**  
*жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері.*  
*Астана, 2004 жылғы шілде.*

## **ҚАЙДАН КЕЛПП, ҚАЙДА БАРАМЫЗ?**

Күндіз-тұні тыным таппай, аз уақыттың  
ішінде ауданың экономикасы мен жұртының  
әлеуметтік өл-аухатын жоғарғы деңгейге көтеріп,  
ел ризашылығына ие болған Алматы облысы

Еңбекшіқазақ ауданының әкімі

**КЕРІМТАЙ ТАҢТАРАҰЛЫ ӘБДІРАХМАНОВ**  
пен атқарылып жатқан ауқымды өрі тыңғылықты  
іс-шараларға аяnbай ат салысып жүрген ауданы-  
мыздың **АЯУЛЫ АҚИЫҚ АЗАМАТТАРЫНА**  
және еліміздің көркейуіне үлес қосқан  
**ЖҰРТЫНА** осы кітабымды арнаймын.

*Автор.*

Адам баласының жаратылысы қызық қой. Басқала-  
рымен жақсылы-жаманды қарым-қатынастарын айтпай-  
ақ қояйын. Кейбір кездерде өзімен өзі қайшыласып, қай  
бағытқа бет бұрып, қай шешімнің құйрығын ұстарын біле  
алмай дал болатын кездері жиі кездеседі. Өзімен өзі талас  
тудырғанда екіге бөлініп кетеді деген сөз емес. Екі жақты  
болып талас тудыратын Ішкі Сезім мен Сыртқы Сезім.  
Осы екі сезімнің қайсысының жетегінде кетерін білмей  
дал болады. Қай бағытқа бет аларын білмей ыргала беретіні  
сондықтан. Атқарған әр бір іс-шарасының нәтижесі, ел-  
жұртимен қарым-қатынасы, ой-өрісінің дүниетанымды-  
лығы мен деңгейі екі сезімнің қайсысының ықпалында  
болатынына көп байланысты. Өйткені Сыртқы Сезімнің  
ықпалы — сенің тәрбиеленіп өсіп-өнген ортаңа, атқарып  
жүрген немесе атқарған қызметіңе, аралас-құралас бола-  
тын құрбы-құрдастарын мен туған-туыстарыңың қарым-  
қатынастарына, олардың сана-сезім деңгейлеріне және  
дүниенің басқа да көптеген сырттан әсер ететін ақиқатта-  
рына тікелей байланысты. Осы айтылғандардың тікелей  
әсерінен барып Сыртқы Сезімнің өз дүние танымы қалып-  
тасады. Ал Ішкі Сезім болса, әр адам баласының жеке  
басы табиғатының ерекшелігі және сана сезімі, ішкі  
түйсіктөрі арқылы барып дүннетанымы қалыптасады.  
Сыртқы Сезім не нәрсені болмасын естіген немесе көрген  
жағдайлардың анық-қанығына бара бермей сол күйінде  
қабылдайтын болса, Ішкі Сезім он мәрте ойланып барып  
корытындылайды. Адам баласының көбісі, бойында осын-  
дай екі сезімнің барын біле де бермейді. Ол екі сезімнің  
дегендерін өз ақыл-санасының елегінен өткізіп, дұрыс-  
бұрысын айқындалп алышп іс-шараға көшсе құп та құп бо-

лар еді. Іс-Әрекеттері де оңалып, өмір жолы да женілденер еді. Дәлірек айтсақ Сыртқы Сезім – сыртқы болып жататын әлемінің иегері де, Ішкі Сезім – ішкі түйсік әлемінің иегері.

Корланның Ішкі Сезімі мен Сыртқы Сезімі алғашқы жылдардағыдан талас тудыра бермей, бұл күндері өзара пікір алысып, жөн сілтесіп тұратын болды. Сондықтан да оның жан жүйесінің аласуруы азайып тыныштық тапқандай. Және қай кезде болмасын Корлан оңаша қалып ойға шомғанда, бұл екі сезімнің өз ара сұқпаттасып, пікір алыскандағы әңгімелерін тілім жеткенше сіздерге баяндап отырайын, қадірменді оқырманым.

Бір күні Корлан сырқаттанып қалды. Азынаулак ала-тын ақшасы жұмсалып кеткендіктен дәрі-дәрмек пен емделуге ақшасы болмай, өзінен несие алған Төкеңе жолып, ақшасын қайыруды өтінеді. Қос жанарын бадырайта қараған ол:

– Өзіме де ақша керек болып жүр. Күте тұр, тауып берем, – деп зілді жауап қайырады.

– Қарызға деп алғаныңа үш жылдай уақыт өтті. Айына мың теңгеден берсең де әлдекашан құтылып кететін уақыт болды ғой. Маған қарағанда жұмыс істеп жүрсің, жағдайын да жаман емес. Егер алған ақшанды қайыргың келмесе «тауып берем» деп несіне иек арттырып қоясың. Бермейтін болсаң ашып айтсаншы. Сол ақшаны жоғалттым деп есептеп қайыра сұрамай-ак қояйын! – деген Корлан пұлын қолымен беріп, аяғымен іздең жүргеніне ашуы келіп қабағы түйіле түсті.

– Тауып берем деп айттым ғой, тауып берем. Сол ақшага қарап қалып пе едің? – деген Төкең өз жайына жүре берді.

Төкеңнің жүре айтқан жауабы Корланның жынына одан өрі тиіп кетті. «Беті қалындау бұл жігітке қалай сеніп жүрсің?» деген Бердіғұл көршісінің айтқан сөзі есінде: «Өзіме де сол керек!» деп реніш білдіріп көшे қылышында қала берді.

Сол сәтте Корлан сыртқы әлемімен емес ішкі жан дүниесімен ренжігені, Ішкі Сезімге ауыр тиген-ді. Адам баласы әлденеге ашуланғанда немесе ренжігенде көніл күйін сыртқы әлемінен өрі ішкі әлеміне өткізіп алса оның жүйесіне, қала берді дең саулығына теріс өсерін тигізетіні бар. Егер ренішін ішкі әлеміне жібермей сыртқы әлемінде үстал қалуға бейімделсе ішкі жан дүниесі тыныштықта

былып, қандай ашу, қандай күйзеліс болмасын көп ұзамай сыптырылып сыртта қалып қояды. Жүйкесі де тозбайды, денсаулығы да сакталады. Осы жайды Сыртқы Сезімге ескерткен Ішкі Сезім:

— Иеміздің сан-алуан сыртқы дүниеден алатын алғашқы әсерлері өзің арқылы қабылданып жатпай ма. Сол әсерлердің нашар тұстарын оның ішкі әлеміне жібере бермей тосқауыл жасап, қайырып тастап отырсаңшы, — деді.

— Адам баласының табиғатын өзің де жақсы білесің. Катты ренжіп немесе күйзеліске түскен кезде ол ішкі әлем, сыртқы әлем деп бөліп жатпайды. Бар болмысымен ренжіп, бар болмысымен күйзеледі емес пе, — дейді Сыртқы Сезім өз білгенін айттып.

— Эрине солай. Дұрыс айтасың. Дегенмен сен болып, мен болып... — осы тұста үстел үстінде тұрған көк телефон безілдеп қоя берді. Диванда жатқан Қорлан оның құлагын көтермек болып орнынан тұра берді. Ішкі Сезім мен Сыртқы Сезім ой бөлістерін тоқтата қойды.

Әлдекіммен тілдесіп болған соң Қорлан орнына келіп қайта қисайды. Осы тыныштықты пайдалана қойған Сыртқы Сезім:

— Сен осы Фаэтон планетасы, ондағы тіршіліктер тоңірегінен үзіп-жарып шамалы әңгіме қозғағаның есінде ме? — деді.

— Эрине есімде.

— Сол планетадағы тіршілік иелерінің күнкөріс тұрмыстарынан толығырақ әңгіме айтып берсөң. Мен де хабардар болып жүрейін.

— Толығырақ деген үзак әңгіме гой.

— Күндіз-тұні біргеміз. Уақыт жетіп жатқан жоқ па.

— Мақұл, айтсам айтып берейін.

— Бастай бер, құлагым сенде, — деді Сыртқы Сезім.

Ішкі Сезім әңгімесін бастан кетті.

— Осыдан он миллиард жылдай бұрын аспан әлемінде үлкен алапат жарылыс болады. Одан кейін бес миллиард жыл өте келе, әрине біздің өлшеммен, тағы бір үлкен жарылыс қайталанады. Айтқан едім ғой.

— Иә, есімде.

— Кейінгі жарылыста да жан-жаққа үшқан денелерден әр салмақты планеталар құрала бастайды. Күннің салмағы орасан зор болғандықтан айналасындағы он пла-

нета оның серіктері болып, күн системасы қалыптасады. Күн салмағының орасандығы сондай, өлгі серіктерінің салмақтарын қосқанда күн салмағының 0,1-ақ пайызын құрайды екен.

— Міне керемет! — деп Сыртқы Сезім желлініп қойды.

— Күн серіктерінің бірі Faeton планетасы. Ол планета Юпитер мен Mars планеталарының аралығында орналасқан. Қөлемі жағынан жермен шамалас. Күн системасы қалыптасқаннан кейін миллиардтан аса жылдар өте келе ол планетада тіршілік көзі пайда болады. Өйткені ол планетаның табиғаты тіршілікке өте қолайлы, ертегілерде айтылатындай нағыз жұмақ болыпты.

— Па шіркін, ондай жұмақ планетада тіршілік еткенге не жетсін! — деп Сыртқы Сезім өз ойын тағы қыстыра қойды.

— Сөзімді бөле бермей өрі қарай тында, — деген Ішкі Сезім әңгімесін өрі қарай жалғастырды. — Бұл планета тұрғындары оу бастапқы жабайылық кездерінен бастап миллиардтаған жылдар бойы ізденіс үстінде өнер қып, аянбай еңбек етіп тер төгудің арқасында сол күнгі әлеуметтік, экономикалық және өндіріс-техникалық жетістіктеріне жетіп, өркениеті өркендеген ел болады. Осы бұраланға салған қатпарлы ұзак жолда бастарына не келіп, не кетпеді. Шаттанар қуаныштар да, ел болып күйзелген өкініштер де кезегімен келіп жатты.

Қашан да күтпеген тұстан шыға қалатын індеп аурулары мен болып тұратын табиғаттың жойқын аппаттарынан көрі ұлт аралық түсінбеушіліктен барып туатын қырғын соғыс қай елге болса да ауыр тиетін. Өйткені соғыстың аты соғыс! Қашан да құштілер алдында тізе бүкпеген әлсіздердің тоз-тозы шығып жатпай ма. Мұндай кезде күйзеліске ұшыраған еліне қабырғасы қайысқан аяулы азаматтар қоғам құрылымы мен заң тармақтарын өзгерту керек екенін айтып өкімет басындағыларға талап қояды. Ондай талапқа құлақ аспаған өкіметке ел болып ереуілге шыққан кездері де болды. Егер өкімет басында алдынартын барлай алмайтын «Үр да жық!» басшы отырса, талап қоюшыларды саясатымызға қарсы шықты деген же леумен аяусыз басып, жетекшілерін тұтқынға алып жазалап жатады. Ал қай бір мемлекет басшылары қауым халықтың не үшін дүмпігенін зерттей келіп, ел талабы дұрыс екен деп табады да тиісті заң қабылдайды. Сөйтіп ел ара-

сындағы тыныштықты сақтайды. Өркениеттері одан өрі дами түседі.

— Әрине, қай мемлекет болмасын оның экономикасы мен елінің әлеуметтік тұрмыс-тіршіліктерінің жақсаруы өкімет басында отырған азаматтарының жүргізетін саясатарына тікелей байланысты, — деп Сыртқы Сезім өз пікірін қыстыра қойды.

— Бұл Фаэтон планетасында көптеген егеменді ел мекендеген, — деп Ішкі Сезім сөзін жалғастырды. — Олардың арасында өз ықпалы мен үстемдігін жүргізуге үмтүлған, өз ара тайталаста жүрген үш мемлекет болды. Олардың бірі тотальдік Тора мемлекеті. Екіншісі — демократия жолымен дамып келе жатқан Лана мемлекеті. Және бұрын-сонды болып көрмеген, ел басқару жүйесі өзгеше Дата мемлекеті еді.

Планетаның солтүстігінен онтүстігіне дейін ұзынынан ұзак созылым жатқан Аナン мен Данан атты қос материик. Ол екі құрлықты бөліп тұрған Ной мен Аң мұхиттары. Қосымша көптеген үлкенді-кішілі теніздер тағы бар. Аナン мен Данан материиктерінің бойымен, ұзынынан көсіліп, қарлы шындары көк тіреген Арлан мен Қарлан атты таулары сұлулықтарымен ерекше көзге түседі. Ол таулардың мұхиттарға құлама екі жақ беткейлерінде жортып жүрген жабайы андары мен сайраған құстары мол қалың орман ағаштары. Тау етектері мен өрі қарай жазықтар жайкалған көк майса алқаптар. Тау басындағы мұзды қардан бастау алатын үлкенді-кішілі көптеген өзендер төмен қарай жөнкеріле, тастан тасқа құлай ағып келіп жазыққа шығады. Жазық алқабына шыққан соң жайымен жылжи ағып мұхитқа барып құйылады. Өзен жағаларында өсем ғимараттары бой көтерген қалалар мен ауылдар.

Аナン құрлығында басқаларына қарағанда ауқымы мол, өркениеті өркендейген Дата мемлекеті орналасқан. Және одан уақтау егеменді алты ел тұрады. Ал Данан құрлығында көптеген жылдар бойы бірімен бірі теке тіресте болып, қарулы қақтығысқа дейін неше мәрте барып, бірін бірі ала алмаған Тора және Лана мемлекеттері орналасқан. Олармен көршілес шағын бес мемлекет те сол Данан құрлығын мекендейді.

— Осының бәрін қайдан білесін?

— Сөзімді бөле бермей өрі қарай тында, — деген Ішкі Сезім әңгімесін жалғастырып. — Күндердің күнінде Тора

мен Лана мемлекеттерінің шегара аралығындағы екі ауыл, екі мемлекет тұрғындары орталарындағы алақандай алқапқа таласып, жақ-жақ болып жаға жыртысуға дейін барады. Оның аяғы екі мемлекет арасында үлкен дауға ұласады. Дау келісім сөзбен аяқталмай, Тора мемлекеті Лана еліне соғыс жариялады. Жылға созылған қырғын соғыста екі елдің аяулы азаматтары қолдарына кару алып бірін бірі қырып жатқандары қай елдің халқына болса да ауыр тиді. Ер-азаматынан айырылу қай жанұяға болмасын үлкен қара қайғы әкелді. Оған қоса қираған орасан зор құрылыштар мен зауыт, фабрикаларды қалпына қайта келтіру орасан зор еңбек пен көп қаржы керек ететінін кім де болса жақсы біледі. Содан Лана елінің алдыңғы қатардағы зиялды азаматтары: «Біз не үшін, кім үшін қырылыш қирап жатырмыз?!» деген сауалға өкімет басшыларынан нақтылы жауап ала алмай дал болды. Ел арасында толқу басталды. Енді бүкіл халық болып өкімет басына жолдау жолдап, соғысты тоқтату керек деген талап қойылды. Тора халқы да өз өкімет басына осындай жолдау жолдайды. Халықтарының дүмпуінен каймыққан екі мемлекет басшылары амалсыздан мәмлеке келіп қырғын соғысты тоқтатады. Жылға жуық созылған қырғыннан қаза болған ер-азаматтарын еске алып, олардың жанұяларына өкімет тарапынан көмек көрсетіледі. Қираған ғимараттар мен өндіріс ошақтарын қалпына келтіруге бүкіл ел болып кіріседі. Бұл соғыс екі елдің экономикасы мен әлеуметтік жағдайларын ондаған жылға шегеріп таstadtы емес пе. Осыдан соң... — ауладағы абаладаған иттің даусын естіген Қорлан орнынан тұрып сыртқа қарай бет алды.

Екі сезім де жым болды.

## II

Сырттағы шаруасын аяқтап келген Қорлан шамалы демалып алмақ болып диванға қисая кетті. Осы тыныштықты пайдалана қойған Сыртқы Сезім:

- Иә, содан соң? — деді.
- Не, содан соң? — дейді Ішкі Сезім есіней түсіп.
- Тора мен Лана мемлекеттер арасындағы қырғын соғыс тоқтап бейбітшілік орнаған соң ел ішінде не өзгерістер болды?

— Айттым ғой, соғыста қаза болған ер-азаматтардың жануяларына қөмек беріліп, кираган ғимараттар мен өндіріс орындарын қалпына келтіру үрдісі басталды деп.

— Ол екі мемлекет өз ара қырылышып жатқанда Дата мемлекеті қандай әрекетте болды?

— Соғыс өрті бізді де шарпып кетпесін деген оймен қауыпсыздықтың барлық амалын жасады. Және Дата елінде Елбасын сайлау науқаны сол кезге тұспа-тұс келді емес пе.

— Содан?

— Содан, алдыдағы жеті жыл бойы ел басқаруды қай үміткердің қолына ұстатамыз деген пікір талас, басқа проблемаларға қарағанда басым болды. Ел басқару тізгініне үміткерлер үшеу еді. Бірі — жеті жыл бойы ел басқарып келе жатқан Мейірман, екіншісі — мемлекет банкісінің төрағасы Қайырган, үшіншісі — кәсіпкерлер одағының төрағасы Сайран деген азамат еді. Үшеуі де Елбасы бола қалса «ананы алай, мынаны былай істеймін» деп өз бағдарламаларын жұрт алдына жайып салып, сайлауға тұсті.

— Қайсысы жеңіп шықты?

— Сайранның іскерлігі, ұсынған бағдарламасының ерекшелігі мен тыйымдылығы сайлаушылардың көңілінен шығып, дауыстың 87 пайзына ие болған ол Елбасы болып сайланады.

— Көптің көңілінен шыққан бағдарламасында не айтылыпты? Және ел басқару тізгіні қолына тиген соң айтқан сөздерінде тұрмай, «болдым, толдым...» деп құдайын танымай кеткен жоқ па?

— Откен жолғы айтқандарым есінде қалмаған-аудеймін.

— Қайталап айтсан артық болмас.

— Олай болса тыңда, — деген Ішкі Сезім сөйлей жөнелді.

— Сайран ел билігін қолына алған соң, бұрынғы өрлей дамып келе жатқан елдің әл-аухаты мен өркениеті одан әрі қарқындалап өсе тұсті. Дата мемлекеті орналасқан Анан құрлығындағы шағын мемлекеттер бірінен соң бірі етініш білдіріп, жаппай Дата мемлекетінің құрамына кірген соң, қосымша күш, қосымша жер мен байлық қосылып Дата мемлекеті одан әрі қүшіне тұсті. Ел тыныштығы сакталып, әлеуметтік жағдайлары одан әрі жақсаарына ешкім күмән келтірмеді. Тағы бірер жыл өте Лана мемлекеті халқының талабы бойынша референдум өтіп, бүкіл ел бо-

лып, Дата мемлекетінің құрамына кіруге тілек білдіреді. Өкімет басындағылар амалсыз жүртүшінде айтқанына көнеді. Келесі жылы осылай, халқының дүмпуінен қаймықкан Тора мемлекет басшылары да қаулы қабылдап, өздері Дата мемлекетінің құрамына кіргендерін жариялады.

— Құрамына кіреміз деген елдерді Дата мемлекетінің басшылары топырлатып ала берген бе, сонда?

— Әрине, алғашқы кезде, құрамына кіреміз деген елдерге сенімсіздік білдірген Дата өкімет мүшелерінің біразы қарсы да болды. Оларды кіргізбеуге тырысты. Бірақ болмады. Өйткені екі елдің халқы өз басшыларына осындай талап қойып бір тудың астында бауырлас ел болып туыстассақ, ұлтаралық, еларалық наразылықтан ада болар едік деген сеніммен өз дегендерінде тұрып алды. Кейіннен сорай да болды. Сонымен үш-төрт жылдың аралығында, Сайран басқарған Дата мемлекетіне қалған елдер де қосылып, Фаэтон планетасы бойынша бір-ақ мемлекет — Дата мемлекеті болып жарияланды.

— Екі миллиардтан астам халқы бар мемлекеттің ел басқару жүйесінде қындықтар болған шығар? Өйткені, қалай да бір мемлекет болу үрдісіне қарсы шығушылар да болды гой.

— Әрине болды. Әр тараптағы, өз жолдарымен өмір сүріп келген көптеген мемлекеттің басын қосып, оны өділ жолмен басқару оңайға түскен жоқ. Дегенмен сана-сезімдері оянған, саясатты жете түсінетін, еларалық қырғын соғыстың азабы мен зардабын көп кешкен, әрі тыныштық заманды армандаپ келген жүрт Елбасының басқару жүйесіне ықыластарымен, адалдықтарымен көмектесті. Теріс бақай үгітшілерді халықтың өздері-ақ қудалап, көнбекендерін көндіріп, басып тастап отырды.

— Содан?

— Содан, планета тұрғындарының өкілдері бастарын қосып бір мемлекет болып құрылған елдің алғашқы құрылтайы өтті. Құрылтайда Дата мемлекеті емес, енді, Ной мен Аң атты екі мұхиттың қасиетін құрмет тұтатын халық, сол екі мұхиттың атын біріктіріп «Нойан елі» деп аталатын қаулы қабылданды. Аз уақыт бұрын жеке дара өз білгендерінше өмір сүрген 13 мемлекеттің орнына бір тудың астына енген 13 аймаққа алмастырылып, аймақ басшылары сайланды. Бұрынғы мемлекеттердің барлық

жүйелері бір орталыққа шоғырланып, әр аймақта олардың филиалдары ашылады. Арлан тауының баурайында орналасқан Астан атты қала ел астанасы болып белгіленеді.

– Елбасы Сайран үлкен өзгерістер енгізген екен де.

– Ол, ол ма. Тағы бірер жыл өте бере, ел сеніміне ие болған Елбасы мемлекеттің құрылым негіздерін жоймай келесі қадамға (реформага) барады.

– Ол қандай реформа?

– Планета тұрғындары бір тудың астына келуіне байланысты әскер өз қажеттілігін жояды. Әскер атаулы жойылған соң оларды жыл-он екі ай бойы тамақтандырын, киіндіру де, сан-алуан кару-жарактар шығару да тоқтатылады. Армия мен оның әр деңгейдегі басшылары таратылып, оларға жұмсалып келген орасан қаржы көзі халықтың әлеуметтік мұддесінің жақсаруына бағытталады. Басы артық қаржы көзі табылғандықтан ер адам 55, әйелдер 50 жасында құрмет демалысына шығатын қаулы қабылданады.

– Содан?

– Содан ел құрметіне одан әрі бөлениген Елбасы келесі құрделі ел басқару жүйесіне де өзгерістер енгізеді. Ел басқару жүйесін, құрмет демалысына шықкан, күш-қуаттары сарқыла қоймаған зейнеткерлердің қолына ұстасып, өндіріс ошактары мен ауыл, мал шаруашылықтарын жөне құрылыш орындарын жастардың иелігіне берді. Әрине бұл өзгеріске орда бұзар, күш-қуаттары келіп тұрған жастар арасынан: «Бізді неге ел басқарудан аластатады?! Ол деген жастарды қорлау ғой!» деген пікірлер айтып қарсы шыққандар да болды. Оларға: Күш-қуаттарың тасып тұрған шакта өндіріс ошактары мен ауыл шаруашылықтарын басқарып молынан өнім шығаруға ұмтылындар. Өнім мол болса халықтың әл-аухаты мен тұрмыс-тіршілігін жақсарта түсесің. Оған қоса еліміздің экономикасын да дамытуға үлкен ықпалдарың тиеді. Ал құрмет демалысына шықкан кездерінде, ынталарың болса сендер де үлкенді-кішілі ел басқару тізгіндерін өз қолдарыңа аласындар» деп түсінірумен болды.

– Сонымен?

– Сонымен, әр ауылда, әр қалада, әр аймақта ел басқару жүйесіне құрмет демалысына шыққан, әлі де күш-қуаттары қайта қоймаған зейнеткерлер сайланып, билік тізгіндері солардың қолына табыс етілді. Содан олар сар-

қыла бастаған күш-қуаттарын бойына қайта жиып, өмірден алған тәжрибелері мен көрсө қызып секіре бермей тұрактаған ақыл-сезімдеріне арқа сүйеп, ел-жұртының тыныштығы мен татулығын қамтамасыз етті. Ал өндіріс ошактары мен ауыл шаруашылықтарын басқару жастардың қолына көшті. Жастардың аты жастар. Күш-қуаттары асып-тасыған олар қай өндірістің болмасын, ауылшаруашылықтың да қай саласына басшы болып сайланбасын қиналмай дөңгелентіл алып кетті. Келесі бір қабылданған қаулы – өндіріс орындары мен ауыл шаруашылығынан түскен қаржының он пайызы өкімет қоржынына құйылса, қалған тоқсан пайызы өндіріс орны мен ауыл шаруашылығы саласының дамуы және жұмысшы-қызметкерлерінің жалақысын молайтуға жұмсалатын болды. Демек, өндіріс орындары мен ауыл шаруашылық салалары қарқындей дамыса, елдің де әлеуметтік тұрмыс-тіршіліктері жақсарып шыға келетініне ешкім күмән келтірмеді. Елбасының бұл саясатына ризашылығын білдірген қауым одан әрі құлшына жұмысқа кірісті. Алатын жалақылары жанұяларының қажеттілігінен артылып жатты. Басы артық ақшаға, енді демалыс орындарына барып тынығып қайтушылар саны молая түсті. Алатын зейнетакы да көбейіп, зейнеткерлер бұрын естіп білгендері болмаса барып көрменген планетаның түкпір-түкпіріндегі елеулі аса сұлу табиғатты тұстарын тамашалап қайтуды әдетке айланалдырыды.

– Сонымен?

– Сонымен, ел арасындағы ұрыс-керістен туып жататын соғыс атаулы тарих қойнауына кетіп ұмыт болды. Халықтың сана-сезімі деңгейінің көтерілгені соншама, ел ішінде тәртіп бұзу немесе әр қылмысқа бару да тоқтады. Анда-мұнда бола қалса, ел басқарып отырған ақсалдар тобы өздері-ақ жөнге салып, ондай жағдай қайтланбасына ықпал жасап жатты. Тәртіп бұзылып, қылмыс бола қалған кезде, ондай жандарға үкім шыгарып, абақтыға жауып тастанап, содан оларды бақылайтын саладағы құрылымдардың қажеті болмай қалды. Осыдан барып ол мекемелердің бәрі жойылып, оларға шығатын шығынның бәрі халықтың игілігіне жұмсалатын болды.

– Бәрі түсінікті. Ал ағайынды болып келетін өнер мен мәдениет салалары жайында ешнәрсе айтатын ойың жок қой. «Өнерлі ел өлмейді» деп иеміз айтады ғой. Бүкіл пла-

нета жұрты өнерсіз қалып қойған болса көп үзамай өлгені де, – деп Сыртқы Сезім тың жерден қойған сауалын көлдеп тартты.

– Планета елін өнерсіз деп айтқан кезім бар ма? Қайта өнердің шынына таяп қалған ел еді. Елдің экономикасы мен әлеуметтік жағдайлары жақсарған сайын өнерге деген үмтүлыштары да арта түсетіні ежелден белгілі емес пе. Өнері асқан сайын мәдениегінің денгейі де көтеріле бермек. Өнер, мәдениет саласына да көп көңіл бөлінген. Өкімет тараапынан қомақты қаржы жұмсалып, өнер мен мәденет салалары да шарықтай түскен.

– Қаншалықты дамып, өзің айтпақшы, өнер шынының қай деңгейіне дейін көтерілді.

– Фаэтон халқы өнер шынының етегінен жоғарыладап төскейінен аса берген кезде...

– Не үндемей қалдың?

– Сонымен біткен еді?

– Біткені қалай?

– Ұзак өңгіме.

– Айта бер. Өңгіменді тындаудан жалықкан жерім бар ма.

– Оның рас. Олай болса өрі тында. Одан бұрын елдің тұрмыс-тіршіліктерінің жақсарған жағдайларын айтып кетейін. Содан соң барып болған қайғылы оқиғаны баяндармын. Сонымен Нойан елінің әлеуметтік жағдайлары көтерілгені соншама, дәрігерлік көмектер мен жылына екі мәрте демалыс орындарына барып денсаулықтарын түзеп өрі демалып қайтатын жолдамалар тегін болды. Үй-жай, тұрмыс шараларына және газ бен электр қуаттарының төлем ақыларын да өкімет өз мойнына алған. Қай бағытта жол сапарына шықпасын, көлікте тегін жүреді. Осындағы биік дәрежеге жеткен елдің сана-сезімі де, дүниеге деген көзқарастары да өзгерген. Өнер мен мәдениет жағына жаппай бетбұрыс жасайды. Өнерлері өрлеген сайын өркениеті арта түседі. Тұрмыс тіршіліктері көп женілденеді.

– Маркстің «Адамды адам еткен еңбек» деген қагида-сына келіспей, иеміздің «Адамды адам еткен, адам санатына қосқан өнер» дегені бекер болмағаны ғой.

– Бұл пікірімді макұл алған иеміз көп жандармен пікір таласқа түсіп жүрген жоқ па. Әлі де болса айтарым – адамды адам еткен өнер! Өйткені өнерсіз қанша тер төгіп еңбек етсең де тірлігінен үлкен, дәйекті нәтиже шығара

алмайсың. Бос өурешілік болады. Эрине, бұл пікірім енбекті жоққа шығару емес, енбектің қүідреті сонда, қандай өнер болмасын оны ілгері сүйреп іске асыратын басты құрал...

Осы тұста есік қағылды. «Кім болды еken, келіп тұрган?» деп Корлан орнынан тұрып кетеді. Екі сезімнің ез ара әнгімелері токтай қалды.

### III

Келесі күні өдетінше, біраз үй шаруасын тындырған Корлан демалып алмақ болып диванға қисая кетті. Тыныштықты пайдалана қойған қос сезім өзара пікір алысуға кірісті.

— Откен күні Фаэтон планетасы тұрғындарының асыптастыған өнерлері мен «Адамды адам еткен өнер» деген қағиданың төнірегінен ой қозғаған едің. Мүмкін ойынды жалғастырсың, — деп Сыртқы Сезім әріптесінің бүйірінен тұртіп қалды.

— Өз пікірлерінді айтпай, мені тындаумен болдың ғой.

— Кезі келгенде мен де ойларымды айтартмын. Бастаған екенсің енді аяқтап шығуың керек қой.

— Олай болса өрі қарай тында, — деп Ішкі Сезім әнгімесін жағастырды. — Заманның тыныштығы мен үлтаралық татулықтың қойнауына енген Нойан жұрты ғасырлар бойы экономикасы мен әлеуметтік тұрмыстіршіліктерін жақсартуларымен қоса өнер қылп, өнердің қай саласынан болмасын үлкен табыстарға жетті. Жеткен табыстарымен шектеліп қалмай одан өрі дамытты.

— Табысқа жетті, дамытты дей бермей дәлірек айтсаңшы.

— Дәлірек айтқанда қай саладағы жетістіктерін айтайдын? Бәрін айтып шығу мүмкін емес. Оған екеуміздің қалған ғұмырымыз да жетпес.

— Олай болса, қысқарта бір саласын айт. Содан қалғандарының да қай деңгейге көтерілгені белгілі болар.

— Қайсысын?

— Айталық, көпішілік отырып жүретін көлік төнірегінен.

— Мақұл. Тында, — деп Ішкі Сезім сөйлей жөнелді. — Қазіргі біздің, мінгенім шет елдік деп кеуде қағып ызығытып жүрген көліктеріміз олардікіне қарағанда өгіз арбаға отырып алып «соп-соп» деп сопылдата өгіздерді сабалап жүргенмен тен.

— Япыр-ай, а!

— Олардың басты көліктері — астауқөлік. Астауқөлік — дөңгеленген астау тәріздес. Көлеміне орай бір орынды, екі, бес, он орынды болып келеді. Шетін ала қобдиша орналасқан. Ұшып-қонатын бар басқару жүйесі сол қобдишада. Басқару жүйесі компьютерленген. Ұшып баратын қашықтығына қарай, әр астауқөліктің түріне қарай ұшатын өз биіктіктері болады. Көлікті жүргізетін куәліктің қажеті жок. Кім болмасын, баратын мекеме немесе мекенжайдың жазылып қойған тұсындағы түймені баса қалса болғаны, компьютер іске қосылып, астауқөлік жайлап белгіленген биіктікке тік көтеріледі де, көлбей ұшып барып, керекті алаң үстіне келген соң тік төмен түсіп қонады. Дүрілдеген немесе қырылдаған ешбір дыбыс жок. Ұшқан араның ызыңында шамалы ғана дыбыс естіліп тұрады. Бұл айтылып отырған астауқөлік тек қала ішіндегі қатынасқа қолданылады.

— Басқа қалаға немесе планетаның арғы шетіне сапар шегушілер қалай барады?

— Біздегі автобустар сияқты астауқөліктің де көп жолаушылар таситын түрлері бар. Жұз, жұз елу жаңға дейін. Бұл астауқөліктердің де ұшып баратын қашықтықтарына қарай өз биіктіктері күні бұрын компьютерге енгізіліп қойған. Баратын қаласы жақындау болса төменірек, бірақ қала ішіндегі қолданылатын астауқөліктердің ұшатын биіктіктерінен жоғары, ал планетаның арғы бетіне баратын болса, ол астауқөліктің ұшатын биіктігі бәрінен де жоғары болады.

— Қызық екен. Егер бір немесе екі аялдамага ғана бару керек болса?

— Ондай жағдайда астауқөлік емес, біздің автобус іспеттес көліктер бар. Жоғары көтерілмей, планета бетінен сәл-пәл биіктікте жол бойымен жайлап ұшады. Жолаушылар керекті аялдамасында тоқтатып түсіп жатады.

— Егер планетаның арғы бетінде тұратын туысыма астауқөліксіз барғым келсе?

— Оған да арнайы жасалынған көлік бар.

— Қандай?

— Біздегі поезд тәріздес іркес-тіркес. Ол да планета бетінен шамалы көтеріліп алады да жол бойымен зымырай жүріп кетеді.

— Зымырағанда жылдамдығы қаншама?

– Жылдамдықтары керегінше. Негұрлым жоғарыда үшатын болса солғұрлым тез. Ал төмендегілерге үлкен жылдамдықтың керегі не?!

– Міне керемет! Біздердегідей үшақтары да бар болар?

– Үшақтардың орнын астауқөлік басты ғой.

– Ракеталары ше?

– Алғаш, әрине үшақтары да, ракеталары да болған. Кейін келіп астауқөлікті ойладап шығарған соң, олар жа-рамсыз болып қалады.

– Неге?

– Үшақ пен ракета жана майына қаржы шығыны көп болғандықтан.

– Астауқөлікке ше?

– Шығынсыз.

– Шығынсызы қалай?

– Тында оны да түсіндіріп берейін.

– Құлағым сенде.

– Физика заңын өзің жақсы білесің. Қандай болма-сын екі дene арасында бірін бірі тартатын күштің барын. Үлкен дene кішіге қарағанда күштірек тартатынын да білесің.

– Әрине.

– Сол тартылу күшін Нойан елінің өнертапқыш оқымыстылары астауқөліктің ұшып-қонуына пайдалан-ған.

– Қалай?

– Айталық, астауқөліктің қобдишасында орналасқан тұтқаны солға қарай бұрап қалсақ, астауқөлік тік көтеріледі. Белгіленген биіктікке көтерілген соң әлгі тұтқа-ны ортаға жылжыта қойсақ астауқөлік көлбей үшады. Керекті тұсқа келгенде тұтқаны онға жылжытсақ астау-қөлік жайлап келіп аланға қонады. Ал қобдишадагы тиісті түймені басар болсақ, осының бәрін қобдишада орнатылған компьютер қалтқысыз атқарады. Өйткені компьютер-ге күні бұрын бағыт-бағдарламалар мен көлбеу үшатын биіктікті енгізіп қойған. Әлгі айтылған, жол бойымен жылжып-үшатын көліктер де жоғарыда айтылған тәсілмен ұшып-қонады.

– Мұның бәрі түсінікті болды. Сонда астауқөлік күш-куатты қайдан алады?

– Айтқандарыма түсінбедің бе?

– Нені?

— Нені дейді. Айттым ғой күш-куатты қайдан алатынын.

— Тұсіне алмай тұрғаным.

— Әлгі қобдишаның ішінде орналасқан аппарат қай планетаның болмасын тарту күші мен тебу күшін іске қосып отырады. Тұтқаны кері бұрағанда планетаның тарту күшін итеру күшіне айналдырып, астаукөлік жоғары қарай көтеріледі емес пе. Тұтқаны орта тұсына жылжытқанда тарту күші мен тебу күші теңеліп көлбей үшады. Осының бәрін қобдишадағы компьютер атқарып отырады.

— Мұндай астаукөлікпен өзге планеталарға да еркін үшіп барып, үшіп келуге болады десеңші.

— Эрине болады. Ешқандай жанармайдың қажеті жоқ. Фаэтон планетасы тұрғындары солай істеді.

— Қызық екен?! Сонда олар басқа планетаға сапар шеккен бе?

— Эрине.

— Фаэтонға жақын орналасқан Юпитер мен Марс планеталарына барып-келіп тұрған екен де.

— Жоқ, ол планеталарға жақындалап барғандары болмаса жанасып көрген жоқ.

— Неге?

— Ол кезде Юпитердің де, Марстың да төнірегінде айналын үшіп жүрген астероидтар мен кометалар өте көп болған. Астаукөлікпен қактығысып қалу қаупі мол еді. Ал Сүржұлдыз планетасының айналасы олардан ашық, қонып, қайта үшіп шығуға қолайлы болатын.

— Сүржұлдызың қай планета?

— Сүржұлдыз — мына өзіміздің жер. Ол кезде жер беті тақыр, тау мен тастар күнге шағылышып шақырайып, үскінсіз болып жататын кезі. Бері келе күн көзінің қызуы азайып, жер бетін қоршаған ая, тау-тастан сарқырай аққан өзендер мен толқын атқан теңіздер қалыптасады. Осы тұстағой фаэтондықтар Сүржұлдызға сапар шегіп, жер қойнауларын зерттей бастағандары. Және бір қызығы, біз қала-мыздағы жиылып қалған қоқсықтарымызды кала сыртына апарып бір жерге төгіп жатпаймыз ба. Сол секілді Фаэтон планета тұрғындары өз орталарын қоқсықтардан таза үсташа үшін, жиылып қалған әр түрлі қоқсықтарды жүк астаукөлікке салып, Сүржұлдызға әкеліп тастап отырган. Әкеліп тасталынған қоқсықтармен бірге келген неше түрлі

өсімдіктер мен жемістердің ұрықтары құнарлы жерде өніп-өсіп жер бетіне жайылады. Содан көк майса алқаптар мен ну ормандар пайда болады. Ол аз десен, кейін келе көбейіп, планета тұрғындарына зиян келтіре бастаған андар мен құстарды да ұстап алғып, тірідей осы Сүржұлдызға тасталынып отырған. Оттегі бар ауа қалыптасып, өзен, қөлдері пайда болған тұста әлгі әкелініп тасталынатын бақа-шаян, құрт-құмырсқа мен аюандар қырылыш қалмай тірі қалыш, енді жер бетінде өз ұрпактарын өрбітіп көбейе бастайды. Өйткені олардың өсіп-онуіне әлгі қөк шалғын алқаптар мен ну ормандар себеп болады.

— Сонда, қазіргі жортып жүрген өр тұрлі аюандар мен бауырымен жорғалаған бақа-шаяндар, орман іші тола сайраған құстар, тіpten ауламыздығы маңыраған малымызға дейін сондағы әкелініп тасталынған зиянкестілерден таралған демексін бе? Қой, мынауыңа сене қоймаспын.

— Мен сені сенідірейін деп айтып отырғаннан аулақпын. Өз жорамалымды жеткізіп отырмын. Әрине, олардың бәрі дәл қазіргі тұрлери мен құйлерінде әкелінді деп отырғаным жоқ. Одан бері миллиардтаған жылдар өтті емес пе. Осы өткен жылдар ішінде қай-қайсысы болмасын, өзіндік табиғатына байланысты үлкен өзгеріске ұшырап, бүгінгі тұр-тұрпаты мен іс-өрекеттеріне келген. Қайбіреулері жердің қолайсыз жағдайларына шыдай алмай қырылыш қалған. Айт десен айтайын, бүгінгі күннен кейін де миллиоndaған, миллиардтаған жылдар өте бере өзіміз көріп, қолымызben ұстап жүрген жан-жануарлар әлемі тіpten басқа түрге енуі өбден мүмкін. Өйткені табиғатта өзгеру үрдісі тоқталған емес, тоқталмайды да... — осы тұста тапрақтай үйге кіріп келген немересі, диванда демалып ой үстінде жатқан Корланды орнынан тұрғызып жіберді. Қос сезімнің пікір алыстары тағы үзілді.

#### IV

Ауласындағы шыға қалған өлдекандай шаруаны аяқтаган Корлан әдетінше келіп, шамалы демалмақ болып диванға қисая кетті. Осы мезгілді пайдалана қойған Сыртқы Сезім:

— Сен өткен жолы айтқан едің, жер бетіндегі жан-жануарлар, тіpten бақа-шаяндар мен құрт-құмырсқалар да басқа планетадан әкелінген. Жер табиғатының өзгешелігіне орай миллиардтаған жылдар бойы олар өзгеру үрдісіне

түсіп бүгінгі түріне келген деп. Әрине ол айтқандарыңа онша сене қоймасам да сонынан ойланған келіп болса, со-лай болған да шығар деген тұжырымға келдім. Білсөн, енді мынаны айтшы.

— Нені? — деді Ішкі Сезім қандай сауал қойса да жау-ап беруге әзір екенін білдіріп.

— Мектеп қабыргасында оқып жүргендеге жан-жануардың алғашқы даму сатысы микробтан басталып, содан соң өніп, өсіп бүгінгі түрге келген дейді екен. Соның ішінде адам баласы да сол жолмен өніп-өсіп жер бетіндегі жан-жануарлардың ішіндегі ең саналы сатысына көтеріліпті. Ал сенің жорамалың бойынша мына дүниедегі біздер, яғни адамзат баласы қайдан шығып, қайдан келген? Қалай да-мыған? Осыны түсіндіріп берші, — деді Сыртқы Сезім са-уалын қатқылдау қойып.

— Айтсам айтып берейін. Ол да ұзак әңгіме.

— Ұзагы тұрмақ одан зоры болса да құлағым сенде.

— Откен жолы айтқан едім гой, есінде ме. Фаэтон пла-нета халқы бірігіп Нойан елі болып бір тудың астына топ-тасқанын. Сол тұстан бастап, еларалық араздасу деген жойылып, бейбітшіліктे өмір сүрген Нойан халқының экономикасы мен әлеуметтік жағдайлары өрге қарай өрлей түсіп, өнер жағына да дең қойылғанын. Өнерлерінің да-мығаны соншама, тіpten адам баласының жекеменшік ішкі дүниесі сана-сезім мен ақыл-ойына да ене бастады.

— Қалай?

— Оқымыстылары «Санатрон» деген аспап ойлап шығарды емес пе. Сол санатрон аспабымен кімнің болмасын сана-сезіміндегі, ой-өрісіндегі бұрынғы өтіп кеткен, бүгінгі өтіп жатқан, тіpten болашақта не істеп, не қоятын ойына дейін, әлгі аспаппен, кітап бетінен оқығандай біліп отыруға болатын болды. Ол аз болса өнерге тоймаған оқымыстылары «Денетрон» деген аспапты да ойлап шыгарады.

— Ол тағы қандай аспап?

— Ол ма, ол жылы қанды жан-жануарлардың (оның ішінде адам баласының да) тұр-тұрпаты мен қай тұста, қаншалықты қашықтықта екенін айналасынан айқындал береді. Және ол аспаптың әр түрі бар. Төс қалтага салып жүретін алақандай денетрон төрт құбыланың қай жағына бағыттаса да бес шақырым аралығында жүрген жан-жануарларды айнасынан анық көрсетеді. Одан үлкен денет-

рондар аумағы мен салмағына қарай он, елу, жұз, тіптен мың шақырым қашықтықтағы жылы қанды жан-жануарлардың іс-қимылдары айнасынан айқын көрініп тұрады.

— Керемет екен!

— Ел басқарып жүрген әр деңгейдегі лауазымды ардагерлердің жиылған бір құрылтайында осы екі аспапты қолдану керек деген шешім қабылданады.

— Ол қандай шешім?

— Әрбір бес жылда Елбасынан бастап өкімет басында жүрген азаматтардың бәрі санатронның сынағынан өтуі тиіс деген шешім. Одан төмен мекеме басқару жүйесінде қызмет атқарып жүрген азаматтар үш жылда бір санатрон сынағынан өтетін болды.

— Ондағы мақсат?

— Мақсат сол — қай қызмет орны болмасын, оның тізгінің қолына алған азаматтың ол жұмысты алып жүруіне ой-өрісі мен жігерінің шамасы келетін-келмейтінін білу. Ол санатрондағы шкала бойынша анықталады. Денсаулығы мен бойындағы күш-қуатын да айттып береді. Оған қоса ол азаматтың еңбекке, ел-жұртына деген адалдығы да, адамгершілігі де айқындалады. Атқарып жүрген қызыметіне деген қабілеті өткен сынактарға қарағанда төмендеген болса немесе адалдығынан әлдеқандай ақау шықса, онда оның орнына санатронның сынағынан ойдағыдай өтіп шыққан басқа адам тағайындалады. Бес жылда бір өтетін Елбасының да мемлекет басқару қабілетінен кемшілік байқала қалса, оны санатрон жасыра алмайды. Ондай жағдайда Елбасы да орнынан кетуі тиіс. Содан Елбасы боламыз деп ниет білдірген үміткерлердің қайсысы санатронның сынағынан ойдағыдай өтіп, шкала бойынша барлық көрсеткіштері ең жоғарғы деңгейге жеткені Елбасы болып сайланады. Біздердегідей жаппай халық болып, сайлау учаскесіне келіп дауыс беріп, айқай-шу болып жатпайды. Кім болса да, Елбасы болам десе санатронның сынағынан өтуі керек. Басқа жол жоқ.

— Ол санатронның сынағын кімдер бақылауға алады, сонда?

— Ел басқарып жүрген жоғары лауазымды ардагерлерден арнайы алқалы топ құрылып, сол топтың бақылаудыңда болады. Және санатрон сынағы бүкіл елге теледидар арқылы да көрсетіліп тұрады. Өзінде айтқан едім ғой, ол планетада ел басқару жүйесі зейнеткерлерге жүктеліп,